

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 1 (2025)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EXUX6301>

**\*Б. Т. Тлеубекова<sup>1</sup>, А. Д. Ибраева<sup>2</sup>, Ж. М. Бердыбекова<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>3</sup>Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2199-3203>

\*e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ НАРРАТИВТІ МАҒЫНАЛЫҚ-ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада көркем шығарманың нарративті мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері зерделенеді. Гуманитарлық білімнің қарқынды дамуы теориялық ұғымдарды жүйелеу барысында ғылыми ізденістерді нарратологиялық тұрғыда талдауды көздейді. Нарратор-әңгімешінің оқиғаға тікелей қатысын кейіпкер атынан баяндауы сюжет дамуындағы белсендікті арттырумен қатар, болмысын күрделендіру арқылы шығарманың эстетикалық әсерлігін көрсетеді. Көркем туындының нарративті мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері «Қазақ солдатты» романындағы автор мен баяншы арасындағы қарым-қатынас негізінде қарастырылады. Нарративті стратегия шығарманың коммуникативтік бірлігін сипаттайды. Ол автор, әңгімеші (нарратор) және адресат (нарратор) сынды үш инстанциядан тұрады. Олардың ішінде мәтінде тікелей коммуникацияның базалық инстанциялары болып әңгімеші мен адресат танылады: біріншісі – көркем ақпараттың жіберушісі, екіншісі – оны алушы. Нарративті стратегия жазушының көркемдік әдісін көрсетеді және белгілі бір әдеби бағыттың типологиялық белгісі ретінде сараланады. Нарративті стратегияны нақты тәжірибенің материалында зерттеу әңгімежу ғылымының теориялық жағдайын толықтыруға, тереңдетуге және орнықтыруға мүмкіндік береді. Мақалада әдебиет теориясындағы өзекті мәселелердің бірі –*

*көркем шығармадағы нарратордың орны қарастырылады. Сонымен қатар автор туралы негізгі теориялық түсініктер мен әртүрлі көзқарастардың оқиғаға қатысы сөз етіледі, көркем мәтін мен нарративтің сюжетті дамытудағы орны талданады.*

*Кілтті сөздер: нарратология, нарратив, баяндаушы, әңгімеші, нарративті категория, нарративті дискурс.*

## **Кіріспе**

Көркем шығарманың нарративті мағыналық-құрылымдық ерекшеліктері – әдебиеттану саласында маңызды әрі кеңінен зерттеліп келе жатқан тақырыптардың бірі. Әдеби шығармалар адамзаттың рухани әлемін, ішкі сезімдерін, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды, тарихи шындықтарды көркем тілмен жеткізу құралы болып табылады. Сондықтан көркем шығарма құрылымы мен оның нарративтік деңгейі автордың әлемге, адам болмысына деген көзқарасын білдіреді.

Нарратив – әдебиетте оқиғаның баяндалуы, оның құрылымы мен реті, ішкі және сыртқы детальдары арқылы жүзеге асатын оқиға әлемін жасайды. Бұл құбылыс кез келген шығарманың жанры мен стиліне сай әртүрлі көрініс табады. Әрбір нарративтің негізгі қызметі – оқырманды шығарманың ортасына енуге шақырып, оның эмоционалдық әрі интеллектуалдық қабылдауын тереңдету. Сонымен қатар көркем шығармадағы мағыналық-құрылымдық ерекшеліктер оқиғаның қалай баяндалатынын, кейіпкерлердің психологиялық тұрғыдан қалай ашылатынын, мәтіннің уақыттық, кеңістіктік аспектілерін қамтиды. Мақалада біз көркем шығарманың нарративтік құрылымына және оның мағыналық деңгейлеріне талдау жасай отырып, әдебиеттегі түрлі жанрлар мен стильдерде кездесетін ерекшеліктерді сараптаймыз. Әдебиеттің заманауи даму үрдісінде нарративтік зерттеулердің рөлі мен мәні артып келеді әрі бұл бағытты тереңірек зерделеу әдеби шығармаларды терең түсінуге мүмкіндік береді.

## **Материалдар мен әдістері**

Нарратология баяндау мәтіндерін (нарративтерді), нарративтердің табиғатын, пішін мен қызметін қарастырады [1, 36-б.]. Нарратив өзара байланысқан оқиғаны бейне арқылы береді. Баяндау – белгілі әңгімешінің сөйлеу актісі. Баяндаушы жеке тұлға ретінде шығарманың кейіпкері (кейіпкер-әңгімеші), сондай-ақ бір мезгілде оқиғаның куәгері немесе автордың (автор-әңгімеші) өзі де болып табылады. Әңгімешінің жеке тұлға анықталмай оның функциясы тек әңгімеге түсуі мүмкін. Баяндаушының көзқарасы әртүрлі болады: ең алдымен, автор көзқарасына жақын, бірақ әрдайым сәйкес келе бермейді. Кейде әңгімешінің өзіндік көзқарасының болмауы шығарманың идеясымен толтырылып, жеке, эмоционалдық бағалау позициясына ие

болып, автор позициясынан оңай ажыратылады. Осыған орай жұмыста В. Шмид [1], Е. В. Падучева [2], Ж. Жанетт [3; 4], М. М. Бахтин [5; 6], Д. Хердман [7], А. Нюннг [8], Г. А. Жиличева [9], Г. М. Мучник [10], В. А. Суханова [11] еңбектері теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Мақалада нарративтік талдау әдісі арқылы оқиғаның баяндалу құрылымы мен уақыттық кеңістіктегі ретін зерттеу, мазмұндық талдау барысында шығарманың негізгі идеясы мен мағыналық құрылысы, құрылымдық талдау әдісі арқылы шығармадағы композициялық элементтердің өзара байланысы қарастырылып, кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен мінез-құлықтарына психологиялық талдау жасалып, әдеби шығармаларды жанрлық және стильдік тұрғыдан салыстырып, ерекшеліктері мен әдеби теориялар, концепцияларды қолдана отырып, шығарманың құрылымы мен мағынасы түсіндірілді.

Көркем шығарманы талдау барысында баяндаушы нарратордың қызметін көрсету оның өткен оқиғаның жай бақылаушысы емес, белсенді әрекет етушісі не болмаса оқиғаның жай куәгері ретінде таныту шығарма идеясын айқындауға, автор дүниетанымын, қаламгер шеберлігін анықтауға әкелуі әбден мүмкін.

### **Нәтижелер және талқылау**

Нарратор тұлғасы әдеби шығармалардың жанрына байланысты әртүрлі болуы – заңдылық. Лирика адам жанының сезімін суреттейтін лирикалық «мен» арқылы берілсе, драмалық шығармаларда оқиға, тартысқа мән беріліп, нарратор сәл шегінеді. Ал эпикалық нарратор туындыларда автор мен оқиға арасында делдал қызметін атқарады.

Шығармадағы оқиғалардың өзара байланысы, әрі қарай дамуы, тартыс барысындағы кейіпкерлер образы шығарманың көтерер жүгіне әсер етеді. Жазушы дүниетанымы арқылы пайымдаулар шығарма идеясында осылардың ішінде, әсіресе кейіпкер бейнесі өзінің іс-әрекеті, күрес тарысы, сондай-ақ мінез-құлқымен оқырманға ой салады. Баяндаушы кейде оқиғаны жай ғана сипаттауы мүмкін. Оқиғаға араласпай, бар болғаны оқиғаның куәгері болып, оған түрлі деңгейде баға береді. Ал екінші бір жағдайда әңгімеші оқиғаның тікелей қатысушысы, яғни шығарманың кейіпкері болуы да мүмкін. Мұндайда әңгімешінің баяндаушыдан айырмашылығы оқиғаның себебінен мағлұматы болмауы, оны түсіндіруде қателесуі де мүмкін. Әңгімешінің кейіпкерден айырмашылығы оқиғаны баяндау қызметі жүктеледі. Әңгімешінің осы қызметі баяндауға қарқын береді. Әңгімеші атынан баяндау сюжет дауындағы кернеуді барынша кеңейтеді. Оқиға дамуын сырттай бақылау, сол оқиғаға қатысы болуы әңгімешінің болмысын күрделендіреді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Қазақ солдатты» романындағы автор мен баяншы арасындағы қарым-

қатынасты қарастырып көрейік. Шығарманың басы *«зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытып. Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін»* [12, 12-б.] деген Қайрош сөзімен басталады. Бойын қорқыныш сезімі бойлаған баланың қашуы сырттай қарағанда бұзаудың жоғалуы тәрізді. Шындығында, бұзауын жоғалтқан бала жазадан емес, жетімдік, жоқшылық өмірден қашып келеді. Осы мысалдан біз әңгімешінің оқиғаға тікелей қатысы кейіпкер атынан баяндалуы сюжет дамуындағы белсендікті арттырумен қатар, оқиғаға тікелей қатысушы, сырттай бақылаушы ретінде әңгімешінің болмысын күрделендіру арқылы шығарманың эстетикалық әсерлігі мен қуатын тереңдеткенін бағамдаймыз.

*«Базар шетіндегі шайтараздың қасынан өте бергенімде, есігіне жапсырған айнасына көзім түсіп кетіп еді, бет-ауызым шын-ақ астан-кестен екен. Қайда жүріп масқара болғансың? – дегендей, айнадан бір сұмпайы бала маған қарайды...»* [12, 21-б.]. Әзіл, шыны аралас осы тұста кейіпкер әңгімелеуші қашып жүріп, өңі қашқан өзіне көңілі толмайды. Мұның сыры мына жолдардан ашылады: *«Мүмкін, менің алдымда сағым теңізіндей құлпырып, алыстан қол бұлғап, жаңа өмір жатқан шығар. Мүмкін, шарасы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындай бір себепті бұрыннан іздеп жүрген шығар... о да мүмкін, бұ да мүмкін... Әйтеуір қалаға қарай сызып келемін»* [12, 10-б.]. Мұнда өз болашағының бұлыңғыр еместігіне шүбә келтірмейтін бала ойы бар. Кешегі мал бағып жүріп қашып шыққан Қайроштың қайсар, батыл тұлға болып қалыптасуының ішкі логикасы шығар, образдық даму эволюциясы анық байқалады. Басты кейіпкердің өсу жолы, көркем бейненің мінез-құлық қалыптасу кезеңдерін сол дәуірдегі Қайрош замандастарымен қатар суреттейді. Жазушы шығармада кейіпкер характерін беруде пейзаж, авторлық түсініктеме, лирикалық шегініс, диалог, монологті шебер қолданған. Ондағы әр деталь өзіне тән идеялық қызмет атқарғанын бағамдауға болады. Мына мысалға назар аударайық: *«Екі ақсақ, бір желаяқ – үш боздақ енді базарға қарай бет алдық.*

*– Құдай тағала қарын қамы дегенді жаратпаса да болады екен... Амал қайсы... кейде өнеріңді соған да жұмсайсың! – деді Шеген.*

*– «Зәурешті» айтайын ба, «Айнамкөзді» айтайын ба? – деді Бораиш, базар шеті көріне берген кезде. Шеген басын шайқап:*

*– Костя білмейді ғой. Қоя тұр. Әдемі әндерді кез келген күнге қор қыла береміз бе? – деді. Балаға білмейсің дегеннен ауыр тиетін сөз бар ма, мен дереу:*

*– Неге білмеймін! «Зәурешті» зарлатып жіберемін дедім», – дейді Қайрош...»* [12, 23-б.]. Бұл көріністе балалардың ой-өрісі, мінезі, жан-дүниесі айқындалып тұр. Әннің тарихы, өнердің құдіреті деген ұғымдарды баланың

ауызымен, кейіпкер сөзімен ұтымды берген. Халық аузындағы әндерді қор қылмау, балаға білмейсің деген сөзді есту ауырға тиетіні «зарлатып жіберемін» деп жеңіл әзілмен көмкере суреттеу жазушы шеберлігін танытары анық. Қайроштың облыстық оқу бөлімінің бастығымен болған әңгімесін жазушы былай суреттеген: «– Қайдан келдің? – деді сол қабағының құйрығын қозғап.

- Осындағы балалар коммунасынан.
- Им, жасың нешеде?
- Он алтыда... – дедім олқы көрінбес үшін бір жас қосыңқырап.
- Бұрын кім болып едің?
- Бала болдым... – дедім сұрау мағынасына түсінкіремей» [12, 53-б.].

Бұдан жазушының әдемі әзілмен тоғышар бастықтың менменсі сөйлеген қарадүрсін мінезін бір түйреп өтсе, екінші жағынан жас баланың аңқаулығымен қатар алғырлығы, қоғамға пайдалы еңбекке құштарлығы, өзін-өзі басқаруға икемді екендігін шебер суреттеген. Қаламгер әлеуметтік мәселелерді көтеруде түрлі көркемдік тәсілдерге барған. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қайроштың балалар үйіндегі тәрбиешімен болған сөзін келтіріп көрейік: «– Мен жақсы шеше... балаларым көп. Ойнайсың... оқисың, – дейді, әр сөзді әрең икемдеп қазақша сөйлеп.

- Неше балаңыз бар? – дедім.
- Қазір елу...

Мен шын-ақ шошып кеттім. Бір адамның елу баласы болады дегенді естіген емес едім.

- Сентябрьде сексен болады... – деді әйел. Мен:

– Бір айдың ішінде отыз бала табасыз ба? – деп сұрай жаздап тұрып қалдым. Кескінімде айран-астан таңқалғандық болу керек, әйел күліп жіберіп:

- Бәрі де өзіңдей... Жетім балалар, – деді.

Жетім балалар үйінде отырғаным енді ғана есіме түсіп, ұялып қалдым» [12, 34-б.]. Жетімдер үйіне келген Қайрош балаға жасалған жағдайды көріп таңқалуы оның тұрмыс ауыртпалығын көп көруімен байланысты. Бас кейіпкер сөйлете отыра жазушы «аппақ таза бөлмеде сырланған көк кереуеттегі ақ төсенішті» қалай қолданырын білмеген жас баланың дәрменсіздігін, жаңа өмірге бейімделетін жас өрннің өжеттігін қатар суреттейді. «Сол ақылды, таза болатын балаңыз ақ төсенішке аяғын салуға бата алмай, кереуеттің шетінде ғана отыр. Мұндайдың жайын Шеген білер еді, ол қасында жоқ...

– Ал, айналай, жат юкта! – деп, толық әйел шығып кетті. Мана ол маған өрескел жуан көрінген енді толық қана көрініп қалды» [12, 34-б.]. Қайрош алғашқыда көргенде «баланың азық-түлігін жалғыз жеп семіргендей»,

«отырған орындығын ойбайлата» әрең бұрылған жетімдер үйіндегі әйелдер баланың ұялғанына қарамастан, сабынмен көпіртіп жуындырып, енді таза боласың, ақылды боласың деп адамгершілік танытқаннан кейін «толық» болуы заңдылық ретінде қабылдайды. Баяндаушы негізгі кейіпкерді сөйлету арқылы осындай ірі әлеуметтік мәселелерді қозғауы жазушы шеберлігінің тағы дәлелдей түсті.

*«Дүкеншінің өз «мордасы» да келісіп тұрған жоқ, Шын кекесінге кетіссек, мен де біраз нәрсені тауып айта аламын. Шіріген картоптай сабалақ тарғыл мұрынды, жайын ауыз, маңдайы екі-ақ елі, екі білегі жүн-жүн... Ағы мен қарасы қай жерден қосылып, қай тұстан айырылатыны байқалмайтын шұңғыл қара көзді. Сақалының әрбір талы айғырдың қылындай болуы керек, қырған жалпақ иегі қап-қара екен» [12, 14-б.]* деп келетін тұстарда автор бас кейіпкер Қайроштың көзімен дүкеншінің қулығын әшкере ете, қоғам мүлкіне ұқыптылық, еңбекке құштарлық, халық игілігі үшін еңбек етуге шақырады.

Жас баланың ойы арқылы дүкеншімен қатар, шаштараз, облыстық оқу бөлімінің бастығын аяусыз сынға алады. Әңгімеші бас кейіпкер Қайрошты өнеге алған ортасы балалар үйі, мектеп, әскер қатары, шекара, майдан тәрбиелеп өсіреді. Балалар үйінде бірге өскен Шегеннің ұшқыш болуы, Бораштың консерваторияда білім жалғастыруы Қайрошты қатты ойландырады: *«Сарталиев жолдас деген еді ол өзін-өзі бір кезед, – дүниеге балалар үйінің терезесінен ғана қарап отыратын уақытың өтіп кетіпті, қоңырау әлдеқашан қағылыпты, сен кешігіпсің, енді жүгіруге тура келеді».* Оқуға талпынып, білім алуы оның тура жолды табуға көмек болғанын қаламгер тап басып суреттеген. Қайроштың Оралдан Гурьевке сапары – есею шағы. «Ауыл әйелдері өз өмірінің ермегі отын-су, құрт-ірімшік маңынан көп ұзамаушы еді, жұмысшы әйелдер «біздің заводтағы әйелдер», «біздің завод үш сменада» деп сөйлеседі», – деп Қайрош ошақ басындағы тұрмыс өзгерісіне мән беріп қарауы қаһарманның өзінің ішкі ойының толысып, сырттағы тұрмыс өзгерісіне мән беріп, өмір жаңалығына қуана білуін ерекше сипаттаған. Қайроштың азаматтық келбеті шекара күзеті, жаға достар, Ақботаға деген сағыныш, анасына деген мейірім, болашақ туралы арман – бәрі оның өсу жолын көрсетті. Адам бейнесін дәлдікпен шебер суреттей білген қаламгердің шеберлегін байқатса керек. Бас кейіпкердің өмір белестерін жалаң суреттемей, оның ішкі жан-толқынысын әңгімеші нарратор кейіпкердің өзін сөйлетуі қазақ әдебиетіндегі жаңа ізденістерді байқатты.

Нарратологияның ортақ мәселесін А. С. Дантоның сөздерімен тұжырымдауға болады: «Әрбір оқиға – оқиғаларға таңылған құрылым, оларды бір-бірімен топтастыру және олардың кейбіреулерін жеткіліксіз мәнді ретінде алып тастау» [8, 12-б.]. Кейт Фридемманнан кейін баяндау



концепциясы «Кант философиясы қабылдаған гносеологиялық болжамға, әлемді оның өзінде бар күйінде емес, белгілі бір ойшыл ақылдың ортасынан өткендей түсініледі». Оқиғалар туралы тікелей білу (болған) қолжетімсіз. Оқиға мен сананың арасында әрқашан вербализацияның коммуникативті әрекетінің қандай да бір призмасы, презентацияның рефракциялық коммуникативті ортасы (тіпті бұл дискурсивті емес формаларда жаңа ғана пайда болған потенциалды тыңдаушыға берілген оқиғаның әлеуетті көрінісі болса да болады. Ішкі сөйлеу).

Автор тарапынан баяндаулардан гөрі Қайроштың басынан өткен тауқыметін жетімдік көруі, барлық белестерін өз ойымен беруі шебер шыққан. Қайрош Отанын жақсы көретін патриот болып қалыптасады. Қайроштың ерлікке толы өмірі – көптің өмірлік жолы. Шаштараздың тоғышарлығынан бастап, фашизмнің жауыздығына дейін арамзалықтан жиіркендіреді, күреске шақырады. Ол қоғамның жарқын бейнесі – ұлт болашағы. Осындай шығарманың идеясын нарратор кейіпкер сөзі баяндауымен берілуі жазушының шеберлігін айқындай түсері хақ.

### **Қорытынды**

Көркем шығарманың құндылығы оқырманға үлкен ой тастауында. Кейіпкерді баяндаушы (кейіпкер-нарратор) ретінде алып оның ой-тұжырымы арқылы тұтас шығарманың идеялық қазығын көрсету бұл келешекті болжай алған жазушы шеберлігін көрсетсе керек. Жазылғанына көп уақыт өткеніне қарамастан оқырманынан бастауы көркемдік тәсілдерге тікелей байланысты. Автор негізгі ой өзегін астарлап жеткізгенде, оқырманға идеясы бірден түсінікті болмайды. Ол оқиғаны баяндайтын кейіпкер-нарраторды енгізіп, шығарма мазмұнына әңгімелеудің алуан түрлі тәсілдерін қолданады: сентиментальдық және романтикалық стиль, әзіл-оспақ арқылы үлкен ой тастайды.

Қысқасы, нарративті стратегия жазушының көркемдік әдісін көрсетеді және белгілі бір әдеби бағыттың типологиялық белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Шмид, В.** Нарратология [Текст]. – М. : Языки славянской культуры, 2003. – 312 с.

2 **Падучева, Е. В.** Семантические исследования : Семантика времени и вида в русском языке. Семантика нарратива [Текст]. – М. : Шк. «Языки русской культуры», 1996. – 464 с.

3 **Женетт, Ж.** Фигуры: В 2-х т. Т.2 [Текст]. – М. : Изд-во им. Сабашниковых, 1998. – 469 с.

- 4 **Zhenett, Zh.** Nouveau discours du récit [Text]. – Paris, 1983. – 220 p.
- 5 **Бахтин, М. М.** Собрание сочинений. Т. 5 : Работы 1940-х-начала 1960-х годов [Текст]. – Москва : Русские словари, 1996. – 731 с.
- 6 **Бахтин, М. М.** Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках // Литературно-критические статьи [Текст]. – Москва : Худож. лит., 1986. – С. 473–500.
- 7 **Herman, D.** Narratologies : New Perspectives on Narrative Analysis [Text]. – Columbus : Ohio State University Press, 1999. – 396 p.
- 8 **Nunning, A.** Narratology or Narratologies? What Is Narratology? [Text]. – Berlin, 2003. – 368 p.
- 9 **Жиличева, Г. А.** Нарративные стратегии в жанровой структуре романа (на материале русской прозы 1920–1950-х гг.) : монография [Текст]. – Новосибирск : НГПУ, 2013. – 317 с.
- 10 **Мучник, Г. М.** Коммуникативные аспекты поэтики [Текст]. – Алматы : КазНУ им. Аль-Фараби, 1995. – 181 с.
- 11 **Суханова, В. А.** Проблема взаимоотношений реального автора и предполагаемого автора // Проблемы филологии : научные доклады. Серия 5 [Текст]. – Томск : Издательство Томского университета, 2006. – С. 184–204.
- 12 **Мүсірепов, Ғ.** Қазақ солдаты : роман [Мәтін]. – Алматы : Атамұра баспасы, 2010. – 276 б.

## References

- 1 **Schmid, V.** Narratologija [Narratology] [Text]. – Moscow : Languages of Slavic Culture, 2003. – 312 p.
- 2 **Paducheva, E. V.** Semanticheskie issledovaniya : Semantika vremeni i vida v russkom jazyke. Semantika narrativa [Semantic studies : Semantics of time and aspect in Russian. Semantics of narrative] [Text]. – Moscow : School «Languages of Russian Culture», 1996. – 464 p.
- 3 **Genette, J.** Figury [Figures] [Text]. – Moscow : Sabashnikov Publishing House, 1998. – 469 p.
- 4 **Zhenett, Zh.** Nouveau discours du récit [Text]. – Paris, 1983. – 220 p.
- 5 **Bakhtin, M. M.** Sbranie sochinenij. T. 5 : Raboty 1940-h-nachala 1960-h godov [Collected Works. Vol. 5 : Works of the 1940s–early 1960 s.] [Text]. – Moscow : Russian Dictionaries, 1996. – 731 p.
- 6 **Bakhtin, M. M.** Problema teksta v lingvistike, filologii i drugih gumanitarnyh naukah [The Problem of Text in Linguistics, Philology and Other Humanities] [Text]. – Moscow : Art. Literature, 1986. – P. 473–500.
- 7 **Herman, D.** Narratologies : New Perspectives on Narrative Analysis. – Columbus : Ohio State University Press, 1999. – 396 p.

8 **Nunning, A.** Narratology or Narratologies? What Is Narratology? – Berlin, 2003. – 368 p.

9 **Zhilicheva, G. A.** Narrativnye strategii v zhanrovoj strukture romana (na materiale russkoj prozy 1920–1950-h gg.) : monografija [Narrative strategies in the genre structure of the novel (based on Russian prose of the 1920s–1950s) : monograph] [Text]. – Novosibirsk : NGPU, 2013. – 317 p.

10 **Muchnik, G. M.** Kommunikativnye aspekty pojetiki [Communicative aspects of poetics] [Text]. – Almaty : KazNU named after Al-Farabi, 1995. – 181 p.

11 **Sukhanova, V. A.** Problema vzaimootnoshenij real'nogo avtora i predpolagaemogo avtora [The Problem of Relationships between the Real Author and the Presumed Author] [Text]. – Problems of Philology : Scientific Reports. Series 5. – Tomsk : Tomsk University Publishing House, 2006. – P. 184–204.

12 Musirepov, G. Kazak soldaty : romany. [Kazakh soldiers : a novel] [Text]. – Almaty : Atamura Baspasy, 2010. – 276 p.

18.09.24 ж. баспаға түсті.

21.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Б. Т. Тлеубекова<sup>1</sup>, А. Д. Ибраева<sup>2</sup>, Ж. М. Бердыбекова<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы;

<sup>3</sup>Павлодарский педагогический университет имени Ө. Марғұлан, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 18.09.24.

Поступило с исправлениями 21.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

## НАРРАТИВНЫЕ СМЫСЛОВЫЕ-СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

*Статья посвящена нарративным смысловым и структурным особенностям художественного произведения. В связи с интенсивным развитием гуманитарных наук, при систематизации теоретических понятий, научные исследования связаны с нарратологией. Нарратор (рассказчик), имеющий прямое отношение к событиям, когда повествует от имени персонажа, активизирует развитие сюжета и, одновременно, усложняя бытие персонажа, демонстрирует эстетическое воздействие произведения. Нарративные смысловые и структурные особенности художественного произведения*

*рассматриваются на основе взаимоотношений между автором и рассказчиком в романе «Қазақ солдатты». Нарративная стратегия описывает коммуникативную целостность произведения. Она состоит из трех инстанций: автор, рассказчик (нарратор) и адресат (читатель). Из них в тексте основными инстанциями прямой коммуникации являются рассказчик и адресат: первый – отправитель художественной информации, второй – её получатель. Нарративная стратегия отражает художественный метод писателя и рассматривается как типологический признак определённого литературного направления. Рассмотрение нарративной стратегии на материале конкретного произведения позволяет дополнить, углубить и укрепить теоретическое состояние науки о повествовании. В статье рассматривается одна из актуальных проблем теории литературы – место нарратора в художественном произведении. Также обсуждаются основные теоретические понятия об авторе и различные точки зрения, касающиеся его участия в сюжете, анализируется место художественного текста и нарратива в развитии сюжета.*

*Ключевые слова: нарратология, нарратив, повествователь, повествователь, нарративная категория, нарративный дискурс.*

\**B. T. Tleubekova<sup>1</sup>, A. D. Ibraeva<sup>2</sup>, Zh. M. Berdybekova<sup>3</sup>*

<sup>1,2</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Republic of Kazakhstan, Almaty;*

<sup>3</sup>*Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.*

*Received 18.09.24.*

*Received in revised form 21.01.25.*

*Accepted for publication 17.02.25.*

## **NARRATIVE MEANINGFUL-STRUCTURAL FEATURES OF A WORK OF ART**

*The article is devoted to the narrative semantic and structural features of a work of art. In connection with the intensive development of the humanities, when systematizing theoretical concepts, scientific research is associated with narratology. The narrator (storyteller), who has a direct relation to the events when he narrates on behalf of the character, activates the development of the plot and, at the same time, complicating the existence of the character, demonstrates the aesthetic impact of the*

*work. The narrative semantic and structural features of a work of art are considered on the basis of the relationship between the author and the narrator in the novel «Kazakh Soldiers». The narrative strategy describes the communicative integrity of the work. It consists of three instances: the author, the narrator, and the addressee (reader). Of these, the main instances of direct communication in the text are the narrator and the addressee: the first is the sender of artistic information, the second is its recipient. The narrative strategy reflects the writer's artistic method and is considered a typological feature of a certain literary movement. Consideration of narrative strategy on the material of a specific work allows to supplement, deepen and strengthen the theoretical state of the science of narration. The article considers one of the current problems of literary theory – the place of the narrator in a work of art. Also discussed are the main theoretical concepts about the author and various points of view concerning his participation in the plot, the place of the artistic text and narrative in the development of the plot is analyzed.*

*Keywords: narratology, narrative, narrator, narrator, narrative category, narrative discourse.*

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,76 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.  
Электронное издание  
4,76 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz